

Бекітемін

«Нұрби» Мектеп –

бөбекжай-бақша кешені

мені еруін



Мираманова М. А.

АШЫҚ ОҚУ ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Тәуелсіздік Қазақстан»

Шұғыла ерте жас топ

Тәрбиеші: Сатынбекова Қ.

Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан».

Мақсаты: өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту арқылы егеменді еліміздің ертеңгі иелерін тәуелсіздік туралы мәлімет бере отырып тәрбиелеу. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Балалар сөздігін молайту, байланыстыра сөйлеуді қалыптастыру. Балалардың Отан туралы түсініктерін кеңейту.

Көрнекіліктер қажетті құралдар: Қ.Р. рәміздері, Астана қаласының, Бәйтеректің суреттері, слайд.

Әдіс-тәсілдер: аралас, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Билингвалдық компонент: тәуелсіздік – независимость, ту- флаг, елтаңба – герб, әнұран – гимн, елорда – столица

Ұйымдастырушылық-ізденістік

Шаттық шеңбері

Қуан шаттан алақай!

Қуантатын күн келді!

Қайырлы таң, қайырлы таң!

Күліп шықты күн бүгін!

Дымбілмес келеді. (қолында картасы бар)

-Балалар мен мына суретті жолдан тауып алдым. Мен бұл не сурет екенін білмеймін. Сендер білесіңдер ме?

Балалар дұрыс айтасыңдар, бұл карта екен.

Балалар сендер қандай мемлекетте тұрасыңдар?

Барлығымыз да Қазақстан картасына назар аударайық. (Қазақстанның жерін картадан көрсетеді) Міне мынау – Қазақстанның картасы. Кең байтақ Қазақстан. Ол – жерге де, елге де бай мемлекет, себебі Қазақстанда көптеген байлықтар бар: мұнай, темір, көмір, күріш, мақта, астық-бидай. Қазақстанның табиғаты алуан түрлі, жері кең, байтақ.

Дымбілмес сен балалармен бірге отырып Қазақстан туралы біліп ал.

2.Негізгі бөлім:

-Қазақстан қандай мемлекет?

Сендер «тәуелсіз, егеменді» деген сөздерді қалай түсінесіңдер?

Ал біздің Отанымыздың бас қаласы қалай аталады? (Астана жайында қысқаша слайдтан суреттер көрсету. Көркем сұлу Астанадан: Ақ орда, Бәйтерек, Думан мен Ханшатыр (ойын-сауық орталықтары) бар.

Билингвалдық компонент: тәуелсіздік – независимость, елорда - столица

Балалар, біздің өзіміздің әнұранымыз, туымыз, елтаңбамыз бар, тәуелсіз мемлекет екенбіз.

Әңгімелесу:

1) Мемлекеттік туды не бейнеленген?

-Шұғылалы күн, қыран бүркіт, ою-өрнек

2) Туымыздың түсі қандай?

-Туымыздың түсі көгілдір.

3) Тудың ортасында жарқырап шыққан не?

-Ортасында жарқыраған күн. Ол домалақ, сары түсті.

4) Күннің астында қалықтап ұшқан не?

-Қыран құс бейнеленген.

5) Ою-өрнек нені білдіреді?

-Ою-өрнек қазақ халқының салт-дәстүрлерін, мәдениетін